

Мамедов Рихсибай Абдурахмановичтің 6D012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің ғылыми педагогикалық негіздері» диссертациялық зерттеуіне ресми рецензенттің

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Ізденуші зерттеу жұмысында қазіргі кезеңдегі дуальді білім беру ғана емес, дамыған елдердегі кәсіби педагогиканың дамуына әсер етуші тұстарын білім беру феноменінің әлемдік экономика жағдайында табысты бейімделуі және оның дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеуді ғылыми педагогикалық негіздерін зерделеуді қарастырған. Дуальді оқыту жүйесінде теория және практиканың үйлесімді ұштасуы кәсіптік білім беру мекемесі – студент - жұмыс берушінің арасындағы келісімшарты негізінде жүзеге асады. Ізденушінің диссертациялық зерттеуінің өзектілігі әлемдік деңгейдегі экономика және еңбек нарығында, білім беру мекемелері мен өндірістердегі өзара тығыз байланыс негізінде болашақ мамандарды кәсіби бейімдеуді талап етуімен сәйкес келеді. Осы тұрғыдан қарастырғанда, зерттеу жұмысында қарастырып отырған мәселесі қазіргі отандық жоғары білім беру жүйесін жаңа форматта қайта құрумен, бәсекеге қабілетті, еңбекқор мамандарға деген қоғамның, мемлекеттік тапсырыстарының артуымен тығыз байланысты.

Қоғамның және экономиканың индустриялық-экономикалық даму сұраныстарына сәйкес отандық білім беру жүйесін жаңғырту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кірігу мәселесі бүгінгі күннің маңызды мәселесі болып отыр. Еуропалық Одақта техникалық және кәсіптік білім беруде 2020 жылға дейін басты мақсаттарының бірі дуальді оқытуды ілгерілету болып мәлімделді.

Бүгінде кәсіби білім беруді дамытуда Дуальды оқытудың маңызы үлкен. Осы орайда «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты Қазақстан халқына елбасы Н.Назарбаевтың үндеуінде нақты өнімді еңбек негізінде елді әлеуметтік жаңғыртудың жаңа бағдарламасы ұсынылады. Ал, мұның өзі болашақ маманның кәсіби ғана емес, тұлға ретінде қалыптасуын да көздейді. Онда осы кәсіптің құндылық бағдарын меңгеру, ондағы мақсаттар туралы хабардар болу, адамдар мен кәсіби топтардың жақындасуы, кәсіби топтың рөлдік құрамына ену, алдағы кәсіби қызметтің барлық құрамдас бөліктерін қабылдау туралы мәселелер көтеріліп: оның міндеттерін, пәнін, әдістерін, құралдарын, нәтижелерін және осы мамандық шеңберіндегі жағдайларды ескеру міндеттеледі.

Білім беру мекемелерінде теориялық оқытуды және оны өндірісте практикалық оқытуда нақтылай отырып кадрларды даярлаудың дуальды оқыту жүйесінің артықшылықтарын әлем мойындап отыр.

Дуалды жүйе теория мен тәжірибе арасындағы алшақтықты азайтады, студенттердің білім алуына жоғары мотивация жасайды, жоғары оқу орнын болашақ мамандарды даярлаудың жаңа сапалы деңгейіне бағыттайды. Қалыптасқан жағдайларда болашақ мамандардың алдағы қызметке дайындық деңгейі жоғары дуальды білім беру жағдайларында кәсіби бейімделу талаптары тұрғысында өзектілендіріледі.

Осы тұрғыдан алғанда Мамедов Рихсибай Абдурахмановичтің ұсынып отырған диссертациялық жұмысы қоғамның сұранысынан шығатын, заман талабына сай, дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары еңбек екенін диссертация мазмұны айқындайды.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертант зерттеу мәселесін шешу мақсатында алдына 4 зерттеу міндетін қойған және зерттеу барысында 4 міндеттің де шешімін тапқан, 4 ғылыми нәтижеге қол жеткізген:

- дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің ғылыми негіздерін зерделенген;
- дуалды білім беру жағдайларында болашақ мамандардың кәсіби бейімделуінің психологиялық-педагогикалық мәні анықталған;
- болашақ мамандарды дуалды білім беру жағдайында кәсіби бейімдеудің практикаға-бағдарланған моделін жасалып, педагогикалық шарттары ұсынылған;
- дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеу әдістері мен формаларын ұсынылып және тәжірибе жүзінде сынақтан өткізілген.

Ізденушінің зерттеу мақсатына жетуде алған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамаларының негізділігі мен шынайылығын оның теориялық тұрғыда негізделуінен, зерттеудің ғылыми аппаратын құрудағы логикалық бірізділігінен көруге болады. Зерттеу міндеттерінің анықталуы, тиімді әдістерін пайдаланылуы, тұжырымдалған әрбір нәтижелердің тәжірибелік-эксперимент жүзінде дәлелденуі, зерттеу бойынша анықталған мәліметтердің жеткілікті деңгейде сандық және сапалық талдануы, зерттеу бойынша қорытынды жасай отырып, шынайылық дәрежесін қамтамасыз еткен.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесі мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі төмендегідей: біріншіден дуальды оқыту жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімделуінің әдіснамалық-теориялық негіздері тұжырымдалған. Екіншіден, дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімделуінің теориялық моделін құрастыруда әдіснамалық ұстанымдардың мазмұндық сипаттамасы берілген.

Екіншіден, дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімделу моделінің құрылымы және мазмұны ашылып көрсетілген. Үшіншіден, құрастырған модельдің құрылымдық компоненттерінің мазмұндық сипаттамасы берілген. Дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің әдістемелік негіздері, формалары құрастырылған. Құрастырған модельді жүзеге асырудың тиімділігін қамтамасыз еткен педагогикалық шарттары нақтыланған. Төртіншіден, дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің әдістері мен формалары ұсынылып, оның маңыздылығы тәжірибе жүзінде сынақтан өткізіліп дәлелденген,

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу әдіснамасының қойылған мәселесіне сәйкестілігімен, зерттеу нысанының мазмұндық және процессуалдық сипаттарының теориялық деңгейде жан-жақты қарастырылуымен, оларды іс жүзінде қолдануға болатындығымен және ізденушінің осы бағыттағы практикалық жұмыс тәжірибесімен қамтамасыз етілген.

Зерттеу жұмысының ішкі бірлігі мен сабақтастығы ғылыми аппараттың жеткілікті дәрежеде және айқын тұжырымдалуымен, зерттеу кезеңдерінің педагогикалық экспериментпен дәлелденіп, тәжірибеге ендірілген оқу-әдістемелік құралдары және педагогикалық технологиялардың тиімділігі нақты көрсеткіштермен сипатталғандығымен, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігімен, қорғауға ұсынылған қағидаларының дәйектілігімен, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығымен, нәтижелерінің практикаға енгізілуімен сипатталады.

5. Диссертанттың негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары отандық және шетелдік халықаралық конференцияларда талқыланған, Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда жарық көрген. Автордың жалпы 17 еңбегі жарияланған. Оның 4-уі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала SciVerse Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 8 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары жинақтарында, 1 мақала шетелдік ғылыми журналда, 1 оқу құралы мен 1 оқу бағдарламасы жарыққа шыққан.

Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы оқу орындарында кәсіптік оқыту пәні мұғалімін дайындайтын жоғары оқу орындарында, мектептерде, жоғары кәсіби білікті жұмысшылар мен мамандарды даярлау жүйесіне пайдалануға болады.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Мамедов Рихсибай Абдурахмановичтің 6D012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациялық жұмысын толық аяқталған, жоғары дәрежеде орындалған жұмыс деп тұжырымдай келе, жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде кейбір кемшіліктер де кездеседі:

1. Диссертацияда дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеу мәселесін педагогикалық ғана емес жаратылыстану, техникалық мамандықтар үшін қоса тереңірек зерттеу жасағанда артық болмаса еді, одан диссертацияның құндылығы артпаса кемімейді.

2. Диссертацияда дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеуді үздіксіз білім беру жүйесінде қарастырғанда зерттеудің аясы кеңейе түсер еді.

3. Диссертацияның жазылуында стилистикалық, грамматикалық қателер кездеседі.

Бірақ, бұл айтылған ескертпелер докторант Р.А.Мамедовтың диссертациялық жұмысының теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жоғары білім беру ұйымдарында кәсіби маман даярлаудың теориясы мен практикасына қомақты үлес қосады. Зерттеу жұмысында ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда өзекті мәселе дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің ғылыми педагогикалық негіздері жан-жақты шешімін тапқан.

Мамедов Рихсибай Абдурахмановичтің 6D012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған «Дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің ғылыми педагогикалық негіздері» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Оның авторы Мамедов Рихсибай Абдурахмановичке 6D012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.


Ресми рецензент:

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

«Педагогикалық ғылымдар»

кафедрасының профессоры,

педагогика ғылымдарының докторы



Беркимбаев К.М.

